

FTAMP 03.41.01.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.12>**А. Касеналин** 

Қазақстан Республикасы Тарих және мәдениет институты, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: aibar.kassenalin@gmail.com

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАТАЛ-2 ҚОҢЫСЫ ЖӘНЕ ДОҢҒАЛ КЕЗЕҢІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қола дәуірінің Қаратал-2 қонысының деректері сараланған. Қоныс Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында Беғазы ауылынан оңтүстікке қарай 1 шақырым жерде орналасқан. Қаратал-2 қонысы 2004 жылғы далалық маусымда анықталып, сол жылы археологиялық зерттеулер атқарылды (экспедиция жетекшісі т.ғ.к. А. Бейсенов). Қоныс аумағында 13 тұрғын-жай орындары тіркелген. Қоныстағы тұрғын-жайлар дөңгелек, сопақша пішімде. Қоныстың орта тұсында бір-біріне жапсарласа орналасып «8» тәріздес пішімді құрайтын екі тұрғын-жай бар. Соның оңтүстігіндегі тұрғын-жай археологиялық қазба әдісі бойынша зерттелді. Жалпы аумағы 222 ш.м. қазба салынды. Қазба жұмыстары топырақ қабатын біртіндеп алу арқылы жүргізілді. Қазба жұмыстары барысында қыш ыдыс сынықтары, тас еңбек құралдары табылды. Табылған деректерді сараптау негізінде зерттелген тұрғын-жай екі мәдени қабаттан тұратындығы анықталды. Төменгі мәдени қабат орта қола дәуірінің нұра кезеңіне жатса, жоғарғы мәдени қабат қола мен темір дәуірлері арасында өтпелі кезеңге, яғни доңғал кезеңімен сәйкеседі. Соңғы уақытта қордаланған деректер негізінде қоныстың мерзімдемесі жасалды. Археологиялық деректерді сараптау нәтижесі бойынша қоныс маңайында қосымша зерттеу жұмыстарын атқару керектігі айтылады. Әсіресе, қоныс жанында орналасқан обалардағы зерттеулер Сарыарқаның қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезең бойынша маңызды деректер беруі ықтимал.

Түйін сөздер: Орталық Қазақстан, Сарыарқа, қола дәуірі, қоныс, қыш, доңғал.

A. Kassenalin

Institute of History and Culture of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Nur-Sultan,
e-mail: aibar.kassenalin@gmail.com

The settlement of Karatal-2 in Central Kazakhstan and about of studying the monuments of the Dongal period

There are analyzed the materials of the settlement of Karatal-2 of the Bronze Age. The settlement is located on the territory of the Aktogay district of the Karagandy region. It was opened in the field season in 2004 (the head of the expedition, PhD A. Beisenov). In total, there are 13 dwellings of round and oval shapes recorded on the territory of the settlement. In the central part of the settlement there are 2 dwellings, located close to each other, thereby creating an «figure-eight» shape. The southern structure of the settlement was investigated by the method of archaeological excavations. The excavations were carried out with layer-by-layer soil removal. The fragments of ceramic vessels and stone tools were found during the excavations. The cultural layer of the dwelling is represented by 2 periods: Nura and Dongal. The dating of the dwelling was determined on the base of the last data. As a result of the analysis of archaeological materials, it is said about the importance of additional research in the area of the settlement.

Key words: Central Kazakhstan, Saryarka, Bronze Age, settlement, ceramics, dongal.

A. Касеналин

Институт истории и культуры Республики Казахстан, Казахстан, г. Нур-Султан,
e-mail: aibar.kassenalin@gmail.com

Поселение Каратал-2 в Центральном Казахстане и некоторые проблемы изучения памятников донгальского периода

В статье проанализированы материалы поселения эпохи бронзы Каратал-2, расположенное на расстоянии 1 километра к югу от села Бегазы Актогайского района Карагандинской области. Поселение было открыто и изучено в полевом сезоне 2004 года (руководитель экспедиции к.и.н. А. Бейсенов). Всего на территории поселения фиксируются 13 жилищных западин. Они в основном округлой и овальной форм. В центральной части поселения находятся 2 жилища, расположенных впритык друг к другу, тем самым создавая «восьмеркообразную» форму. Из них южное строение было исследовано методом археологического раскопа. Раскопки проводились с послойным снятием грунта. В процессе раскопок были найдены фрагменты керамических

сосудов, каменные орудия труда. На основе полученных материалов выявлено 2 культурного слоя, изученного жилища. Нижний слой относится к нуринскому периоду среднего бронзового века. Верхний слой соотносится переходным донгальским периодом от эпохи бронзы к железному веку. На основе последних данных была определена датировка жилища. В результате анализа археологических материалов говорится о важности проведения дополнительных исследований в районе расположения поселения. Изучение погребальных сооружений, расположенных возле поселения, могут быть перспективными в плане изучения древностей переходного периода от эпохи бронзы к железному веку Сарыарки.

Ключевые слова: Центральный Казахстан, Сарыарка, эпоха бронзы, поселение, керамика, доңғал.

Кіріспе

Орталық Қазақстандағы көне дәуір ескерткіштерін зерттеу ісі өткен ғасырдың орта тұсынан бастап қарқынды жүргізіле бастады. Әсіресе Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрылуымен зерттеу жұмыстары жаңа деңгейге көтерілді. Зерттеу жұмыстарының ауқымды бір бөлігі қола дәуірін қамтыды. Нәтижесінде қола дәуіріне тиесілі бірегей ескерткіштер ашылды (Маргулан и др., 1966).

Қоныстардан және қорымдардан алынған заттай деректер негізінде Орталық Қазақстанның қола дәуірінің мерзімдемесі мен кезеңдемесі, шаруашылығы мен мәдениеті жайында бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді. 2000 ж. деректерге назар салсақ Орталық Қазақстандағы 60-қа жуық қола дәуірінің қонысы туралы айта аламыз (Евдокимов, 2001: 5).

Орталық Қазақстанның қола дәуірі үшін бірегей деректерді Беғазы қорымы берді (Маргулан, 1979). Беғазы қорымындағы зерттеу жұмыстары кейінгі қола дәуірінің бірегей мәдениет ашуда негізгі орында болды. Алайда, өткен ғасырдың ортасындағы зерттеу жұмыстардан кейін Беғазы өлкесіндегі ізденістер күрт тоқтады. 2003 жылы Беғазы өлкесінде ғылыми ізденістердің жаңа сатысы бастау алады. Жұмыстардың басым бөлігі Беғазы қорымындағы нысандарда консервациялық және реставрациялық жұмыстарды атқару болса, енді бір бөлігі археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуден тұрды. Осының негізінде Беғазы өлкесінде ескерткіштердің жаңа шоғыры ашылып, ғылыми айналымға енгізілді (Бейсенов, Варфоломеев, 2008).

Әрине, ұзақ жылдар бойы Беғазы ұғымы тек кейінгі қола дәуірінің тас кесенелерімен сабақтасып келді. Бірақ осы өлкеде атқарылған археологиялық нысандарды іздеу мен анықтау жұмыстары барысында бұл өлкеде көптеген археологиялық ескерткіштер барын дәлелдеп отыр. Тек қана Беғазы қорымы төңірегінде 40-тан

астам жаңа археологиялық орындар анықталды. Олардың кейбірінде жүргізілген археологиялық зерттеулер бұрын- соңды белгісіз болған жаңа археологиялық деректер берді. Соның бірі қола дәуірінің Қаратал-2 қонысы (Бейсенов, Ломан, 2009). Бұл мақала қола дәуірінің Қаратал-2 қонысын және өтпелі кезең ескерткіштерін зерттеудегі кейбір мәселелеріне арналған.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын орындау барысында осы уақытқа дейін жарияланған ғылыми еңбектер сараланды. Қола дәуірінің қоныстарына байланысты деректер мен ғылыми тұжырымдар сарапталды.

Далалық зерттеу жұмыстары кезінде қоныс орнын анықтау мақсатында археологиялық барлау әдістері, жергілікті тұрғындардан ақпарат жинау, яғни сауалнама жүргізу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, болжамды қоныс орнында барлау қазбасын жасау әдісі де пайдаланылды.

Қазба жұмыстары кезінде қазба жұмыстарын жүргізудің жалпы қабылданған әдістері, сондай-ақ Орталық Қазақстанның қола дәуірінің қоныстарын ерекшеліктеріне тән қазба әдістері қолданылды. Яғни, жалпы қазба ауданын шаршыларға бөлу, оларға сандық және әріптік нөмірлер белгілеу, қазба алаңынан табылған жәдігерлерді оңтүстік-батыс бұрышына жиналып, күнделікті тіркеліп отырды. Табылған жәдігерлерді алғашқы далалық өңдеу сынды жұмыстар атқарылды (жуу, шифрлау, жүйелеу т.б.). Сонымен қатар, қазба жұмыстарын сызбалық жоспарын жасау, қазба күнделігін жүргізу жұмыстары да атқарылды.

Қыш ыдыстар зертханалық талданды. А.А. Бобринский әдістеріне негізделіп отырып В.Г. Ломан зертханалық жағдайда қыш ыдыстарға техникалық-технологиялық сараптама атқарды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Қаратал-2 қонысындағы зерттеу жұмыстарының барысы мен қазба деректері

Барлау жұмыстары. Қола дәуірінің қоныстары көп жағдайда өзен, көл мен бұлақтардың маңайында орналасатындықтан ең алдымен қонысты табу мақсатындағы барлау жұмыстары барысында осы жерлер назарға алынады. Бірақ Орталық Қазақстандағы көптеген су көздері өлкенің климаттық жағдайына байланысты кеуіп қалғандығы байқалады немесе тек көктем айларында ғана арналары суға толады. Сонымен қатар жазғы маусымда өзен-көлдердің маңайындағы шөптің қалыңдығына байланысты қоныстарды табу қиындайды. Бұл ретте ескі орындарды іздеуде жақын жердегі ауыл тұрғындары арасында, әсіресе өлкенің ерекшеліктерін білетін адамдардан сұрастыру оң нәтиже береді.

Қоныс орнын анықтауда тек жер үсті ерекшеліктеріне ғана назар аударылған жоқ. Қоныстың орналасу аумағында қыш ыдыс сынықтарын іздеу жұмыстары атқарылды. Соның

нәтижесінде орта қола дәуіріне тиесілі қыш ыдыс сынықтары табылды. Олардың қатарында қыш ыдыстардың ернеу, қабырға сынықтары мен түп жағы бөліктері бар.

Сонымен бірге қоныстың екі тұсынан барлау қазбалары салынды. Барлау қазбаларының өлшемі 0,5*0,5 м. Барлау қазбасы барысында қоныстың шекарасы мен мәдени қабаты анықталды. Кейін толық қазба жұмыстары кезінде осы барлау қазбасының бірі кеңейтілді.

Қоныстың орналасқан жері мен құрылымы. Қаратал-2 қонысы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Беғазы ауылынан оңтүстікке қарай 1 шақырым жерде, кішігірім тоғайдың және бұлақтың оң жағалауында орналасқан.

Қоныс аумағында пішіндері дөңгелек, сопақшалау келген 13 тұрғын-жай орны байқалады (1-сурет). Олар оңтүстік-шығыс – солтүстік-батыс бағытымен тоғай мен бұлақты бойлай орналасқан. Қоныс құрамындағы дөңгелек пішіндегі екінші және үшінші тұрғын-жайлар бір-біріне етене жақын орналасып, оңтүстік – оңтүстік-шығыс – солтүстік – солтүстік-батыс сызығы бойынша өзара «8» тәріздес пішінді құрайды.



1-сурет – Қаратал-2 қонысы №2 тұрғын-жайдың қазба жұмыстарына дейінгі көрінісі

Қоныстан солтүстік-батысқа қарай 150 м жерде әр кезеңдік ескерткіштерді қамтитын Ыбырай қорымы орналасқан. Нысандардың

орналасуына байланысты қорымды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа шығыс-батыс сызығымен орналасқан үш обаны жатқызамыз.

Олардың диаметрлері – 5-10 м, биіктігі 0,4 м дейін жетеді. Обалардың үйіндісі тастан қаланған. Аз мөлшерде топырақ кездеседі. Сыртқы ерекшеліктеріне қарай бұл обаларды ерте темір дәуіріне жатқызуға болады. Екінші топ алдыңғысынан 60 м оңтүстікке қарай орналасқан. Оның құрамында қола дәуірінің 6 қоршауы бар.

Қоныстағы археологиялық қазба жұмысы-

тары. Қазба жұмыстары екінші тұрғын-жай аумағында, яғни «8» тәріздес тұрғын-жайлардың оңтүстік жартысында жүргізілді. Тұрғын-жай аумағына қабырғалары 3*3 м болатын жалпы аумағы 222 шаршы метрді қамтыған 24 шаршыдан тұратын негізгі қазба салынды. Негізгі қазбаға қосымша қазбаның оңтүстік-шығыс бөлігіне 3*2 м қосымша қазба салынды (2-сурет).



2-сурет – Қаратал-2 қонысы №2 тұрғын-жайдағы қазба жұмыстарының барысы

Қазба жұмыстары барысында екінші тұрғын-жайдың негізгі бөлігі аршылды. Қазба топырағы көне жер деңгейіне дейін біртіндеп қабатымен ашу арқылы жүргізілді. Қазбаның ең терең бөлігі – 0,7 м құрайды. Ал жалпы қазбаның стратиграфиясы келесідей: шым – 0,1 м; сұр құмдақ – 0,3-0,6 м; көне жер деңгейі. Қазба алаңының батыс бөлігінде 0,45 м бастап күл қабаты тіркелген.

Тұрғын-жай едені қазбаның орта тұсына қарай тереңдей түседі, ал қазба етектеріне қарай жоғарылайды. Әсіресе шығыс және оңтүстік-шығыс шеттеріндегі еден басқа бөліктермен салыстырғанда әркелкі. Яғни, 0,1–0,15 м дейін жететін әр түрлі төмпешік түрінде өзгерістер байқалады. Тұрғын-жайдың оңтүстік-шығыс бөлігінде қазбаның мәдени қабатында шіріген ағаш қалдықтары тәрізді сұр топырақ қабаты тіркелген. Сондай-ақ, осы бөлікте әсіресе қазбаның жоғары қабатында бірді-екілі тастар кездеседі.

Қазба барысында тұрғын-жай еденінен барлығы 56 дңгек орындары мен 2 шаруашылық шұңқыры анықталды. №1 шаруашылық шұңқыры

қазбаның орталық бөлігінен солтүстікке қарай, В-2 шаршысынан анықталды. Өлшемдері 2,7*2,1 м, тереңдігі 0,9 м дейін жетеді. Шұңқыр толтырындысы күңгірт-сұр күл тектес топырақ. №2 шаруашылық шұңқыры қазбаның оңтүстік бөлігінде (3-сурет).

Қазба деректері. Қазба барысында көптеген қыш ыдыс сынықтары мен тастан жасалған еңбек құралдары табылды – 19 дана (1-кесте).

1-кесте – Қаратал-2 қонысынан табылған тас еңбек құралдары

№	Тас құрал атауы	Саны
	Ысқылағыш	11
	Дәнүккіш	5
	Пест	1
	Кетпен	1
	Шапқы	1

Қоныстың қыш кешені. Қазба барысында табылған қыш ыдыс сынықтарын екі топқа бөліп қарастыра аламыз. Бірінші топқа 17 ыдыс жатады: 6 көзе мен 5 жабық құты. Ыдыс қабырғасының қалыңдығы 4-9 мм құрайды. Ыдыс ернеулері домалатылған және қалыңдатылған болып бөлінеді. Ыдысты өрнектеуде көлденең сызықтар, кертілген үшбұрыштар, бірнеше тік және көлденең сызықтар, зигзаг, дөңгелек және сопақша батырмалардың көлденең қатары, ме-

андр және т.б. Өрнектеу техникасында сызып салу, тарақты штамп және батырып салу әдістері кездеседі. Бастапқы шикізат көзі мен қалыптау массасының құрамын анықтау мақсатында сегіз ыдыстың үлгісі алынды. Барлығы орташа темірленген балшыққа жасанды қоспаларды (ірі тас қиыршықтары мен органика) қосу арқылы дайындалған. Ыдысты қалыптау ерекшелігіне қарай екі топ ажыратылды.



3-сурет – Қаратал-2 қонысы №2 тұрғын-жайдағы қазба жұмыстарынан кейінгі көрінісі

Қаратал-2 қонысынан табылған қыш ыдыс сынықтарының екінші тобын 80 ыдыс құрайды. Олардың 77,5% көзе тәріздес ыдыстар болса, 5% құты тәріздес болған. Қалған бөлігі ыдыс сынықтарының ұсақ болуына байланысты анықтауға келмейді. Ыдыс қабырғасының қалыңдығы 4-12 мм. Көзелер өздерінің пішімдеріне қарай үшке бөлінеді: ыдыс денесіне тік бұрышты құрап ауысатын қысқа әрі тік мойыны бар ыдыстар, ыдыс денесіне біртіндеп ауысатын тік немесе сәл иіңкі мойыны бар көзелер; домалақтау келген ыдыстың денесіне біртіндеп ауысатын тік, әрі қысқа мойына бар ыдыстар. Ыдыс ернеулері беткі жағы бойынша: домалақ, жалпайтылған, үшкірленген және ойылған болып бөлінеді. Пішіні бойынша ішке немесе сыртқа иілген, саңырауқұлақ тәрізді, қалыңдатылған, карнизы бар, «жағасы» бар

болып бөлінеді. Ыдыстың жарты бөлігі ғана өрнектелген. Өрнектердің ішінде көлбеу кертпелер, көлденең қатарлы батырмалар және «маржандар». Сонымен қатар, азын-аулақ көлденең сызықтар, «шырша» және қиылысқан сызықтар кездеседі. Ыдыстардың 16,3% белдеулермен безендірілген. Олардың біразы ернеудің жанына рәсімделген. Белдеулер пішімі бойынша үшбұрышты және домалатылған болып бөлінеді. Ыдыстарды өрнектеуде тегіс штамп пен батырмалары, сонымен қатар тарақты штамп, сызу және жабыстырындылар қолданылған. Бастапқы шикізат көзі мен қалыптау массасының құрамын анықтау мақсатында 47 ыдыстан үлгі алынды. Екі түрлі бастапқы шикізат көзі қолданылған (орташа темірленген балшық және жоғары темірленген балшық). Ыдысты қалыптау массасын дайындаудың 4 әдісі болған. Әрқайсысы

эртүрлі көзешілермен дайындалған ыдыстардың 8 тобы ажыратылды. Ыдысты қалыптаудың 3 түрі қолданылғандығы анықталды.

Қазба жұмыстары барысында жинақталған деректерді өңдеу нәтижесінде Қаратал-2 қонысының №2 тұрғын-жайы екі мәрте қоныстанғаны туралы айта аламыз. Оның біріншісі қола дәуірінің орта тұсына сәйкес келсе, екінші ретте қола мен темір дәуірі арасындағы өтпелі кезеңге жатады.

Қоныстың төменгі қабаты, яғни Нұра кезеңіне қатысты ғылыми пайымдаулар бір арнаға түскенімен, мерзімдеу мәселесі әлі күнге дейін ашық деп айтсақ болады. Мәселен, бастапқыда Қаратал-2 қонысының төменгі қабаты ж.с.д. XV-XIII ғғ. мерзімделген еді (Бейсенов, Ломан, 2009). Бірақ та соңғы жылдарда қордаланған археологиялық деректер төменгі қабатты едәуір ерте уақытпен мерзімдеуге итермелеуде. Бұл мәселе (мерзімдеу) Нұра кезеңі ескерткіштерін белсенді зерттеуден шығып отырған жоқ, керісінше зерттелмегендігінен және мерзімдемелік тұрғыда одан кейін тұрған Беғазы-Дәндібай мәдениеті көшелері бойынша соңғы жылдары жаңа деректердің қордалануынан пайда болып отыр. Сөзіміз дәйекті болу үшін бірнеше мысал келтірсек.

Мақала авторлары 2012 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданын Сарыкөл қорымында археологиялық зерттеу жұмыстарын атқарды. Жалпы қорымда 20 құрылыс бар. Оның ішінде 16 төртбұрышты болса, 4 құрылыс сопақша пішімді. Планиграфиялық тұрғыда қорымды солтүстік және оңтүстік деп екіге бөліп қарастырса болады. Солтүстік топ 13 құрылыс кірсе, оңтүстік топ 4 құрылыстан тұрады. Қорымның солтүстік тобындағы екі құрылыста қазба жұмыстары жүргізілді. Олар қорым жоспарында шартты түрде №5 және №7 құрылыстар деп белгіленді. Қазба жұмыстары барысында екі жерлеу құрылысы да ерте уақытта тоналғандығы

анықталды. Заттай деректерге №5 жерлеу құрылысынан 3 қыш ыдыс сынықтары табылды. Ал №7 жерлеу құрылысынан қазба барысында адам сүйектері мен 8 қыш ыдыс сынықтары табылды. Қазба деректері бұл ескерткіштерді Беғазы-Дәндібай мәдениетіне тиесілі екенін көрсетті. №7 құрылыста табылған адам сүйегі бойынша жасалған радиокөміртегілік сараптама ж.с.д. XVI-XIV бірінші жартысын көрсетіп тұр (Бейсенов, Варфоломеев, Касеналин, 2014: 171).

2014 жылы Атасу өңірінде жаңа зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары кезінде Беғазы-Дәндібай мәдениетінің бірнеше жерлеу құрылыстары зерттелді. Сонымен қатар, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеген нысандарына консервациялық және реставрациялық жұмыстар атқарылды. Соның бірі Саңғыру I қорымындағы 7 кесене. Кесене ертеректе зерттелгендіктен қайта тазалау жұмыстары кезінде қосымша заттай деректер табылмайды. Алайда, тазалау жұмыстары барысында тас жәшіктің солтүстік қабырғасы мен көлденең қаландының арасында көне жер деңгейінде жануар сүйегінің ірі бөлігі табылды. Бұл сүйектің табылуы ерекшеліктеріне қарай құрылыс жұмыстары барысында қалып қойған болуы әбден мүмкін. Осы сүйек үлгісінен жасалған радиокөміртегілік сараптама нәтижелері ж.с.д. XV-XIV ғғ. көрсетуде (Бейсенов, Варфоломеев, Касеналин, 2014: 170).

2016 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Сарыарқа археологиялық институтының мамандарымен Қаражар-тас қорымында археологиялық зерттеу жұмыстары атқарылды. Зерттеу барысында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің тас кесенесі зерттелді. Қазба барысында үйіндінің әр жерінен адам сүйектері, көптеген қыш ыдыс сынықтары, жебе ұшы мен алтын жүзік табылған. Адам сүйегі бойынша жасалған радиокөміртегілік сараптама ж.с.д. XVI/XV-XIV ғғ. беріп отыр (Кукушин и др., 2017: 583).

2-кесте – Беғазы-Дәндібай мәдениеті ескерткіштері бойынша радиокөміртегілік сараптама нәтижелері

Лабораториялық шифр	Ескерткіш	¹⁴ C BP	Калиброванная дата (1 Сигма, 68.3)	Калиброванная дата (2 Сигма, 95.4)
UBA-28364	Саңғыру I қорымы, 7 кесене	3179±30	Cal BC 1496–1474 (0.379) 1461–1427 (0.621)	Cal BC 1505–1408 (1.000)
UBA-23676	Сарыкөл қорымы, №7 нысан	3218±30	Cal BC 1508–1447 (1.000)	Cal BC 1602–1584 (0.034) 1543–1539 (0.004) 1535–1422 (0.962)
—	Қаражарғас кесенесі	—	CalBC 1634- 1529 (1,000)	CalBC 1729-1722 (0,007) 1692-1498 (0,993)

Бұл сараптама барысында алынған деректер тек кейінгі қола деп жүрген Беғазы-Дәндібай мәдениетін мерзімдеуін кем дегенде ж.с.д. XV ғ. бастау керектігін көрсетіп отыр (2-кесте). Бұл жағдай орта қола дәуірінің соңғы межесі ж.с.д. XVI ғ. аяқталатындығы анық. Сондықтан Қаратал-2 қонысы №2 тұрғын-жайының төменгі қабатын қазіргі таңда ж.с.д. XVIII-XVI ғ. мерзімдеу керектігі анық.

Қаратал-2 қонысы №2 тұрғын-жайының жоғары қабаты доңғал кезеңімен сәйкес келеді. Оған дәлел ретінде доңғал тектес қыш ыдыстардың табылуы. Доңғал қыш үлгілері тек Орталық Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге іргелес жерлерде де көптеп кездеседі. Олардың қатарында: Алтай мен Жетісу, Оңтүстік Қазақстан бар (Горячев, 2013: 367; Марьяшев, Гумирова, 2011: 277; Байтанаев, 2011; Ситников, 2015: 119). Сонымен бірге доңғалға қыштарына ұқсас нұр тектес қыш үлгілері Еділ бойында да бар (Алексеев и др., 1993). Орталық Қазақстан және оған жапсарлас өлкелер археологиясы үшін доңғал кезеңі қола мен темір дәуірлері арасындағы өтпелі кезеңді құрайды (Ломан, 1987; Евдокимов, 1988; Варфоломеев, 1991). Соңғы ұсынылған мерзімдеме бойынша доңғал кезеңі ж.с.д. XI ғ. – ж.с.д. IX ғ. аралығын қамтиды (Касеналин, 2017: 207).

Қола мен темір дәуірі арасындағы өтпелі кезең көнелерін зерттеуге қызығушылықтың артуы Сарыарқаның сақтарының қоныстық ескерткіштерінің ашылуымен тікелей байланысты (Beisenov, 2020). Бұл тұрғыда сақ қоныстары генезисі мәселесінде өтпелі кезең қоныстарын зерттеу аса маңызды. Қазіргі таңда сақтардың 40-тан астам қоныстары анықталып отыр. Олар-

дың өтпелі кезең ескерткіштерімен байланысы қыш деректері бойынша анық байқалады. Әсіресе, Тағыбайбұлақ (1974 ж. қазба) пен Едірей-2 қонысын атап өтуге болады. Қазіргі уақытта Сарыарқа сақтарының мәдениетін ж.с.д. IX ғ. аяғы немесе ж.с.д. VIII ғ. бастау алатынын ғалымдар алға тартуда (Beisenov, 2016).

Қорытынды

Қаратал-2 қонысындағы зерттеу жұмыстары қола дәуірінің қоныстарының географиясын ғана кеңейтіп қойған жоқ, сонымен қатар, жаңа деректер бергені анық. Бірақ қоныста, қоныс маңайында зерттеу жұмыстарын жалғастыру өте маңызды. Бұл тұрғыда зерттеу жұмыстарын қазба жұмыстары атқарылған үй орнының оңтүстік батыс бөлігінде жүргізген маңызды.

Доңғал кезеңінің көптеген мәселелерінде мәдени қабаты тек доңғалдың деректерден тұратын қоныстарды зерттеу перспективалы. Қазіргі таңда ондай қоныстар некен-саяқ зерттелген. Өтпелі кезең тайпаларының шаруашылығы, үй құрылыс, экономикасы жайында қоныстық деректер шешуші орында. Бәлкім Қаратал-2 қонысында жалғыз мәдени қабаттан тұратын тұрғын-жайдың болуы әбден мүмкін.

Сонымен қатар доңғал кезеңінің жерлеу рәсімі де толық анықталмаған. Нақты доңғалдық деректер бар жалғыз қорым ғана белгілі (Бейсенов и др., 2013). Алайда оның көптеген сұрақтар туындатуда. Атап айтар болсақ, радиокөміртегілік сараптама нәтижелері оның ж.с.д. XV-XIV ғғ. көрсетіп тұр. Демек, доңғалдық жерлеу орындардың жасын анықтау мәселесі де күн тәртібінде өзекті.

Қаратал-2 қонысынан қашық емес жерде екі жерлеу қорымы орналасқан. Олардың бірінде қазба жұмыстары атқарылған. Ол орта қола кезеңі деректерін берді (Бейсенов, Варфоломеев, 2008). Ал екінші қорымда бүгінгі күнге дейін толық археологиялық қазба жұмыстары атқарылған жоқ. Мүмкін сол қорымда бізді

қызықтырып отырған доңғал кезеңінің жерлеу орындары табылып қалуы мүмкін.

Жұмыс ҚРБЖҒМ АР08857177 «Сарыарқа ерте темір дәуірі тұрғындарының шаруашылығы мен үй тұрғызу дәстүрлерін зерттеу» гранты аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. (1966). Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука. 436 с
- Евдокимов В.В. (2001). Эпоха бронзы степей Центрального и Северного Казахстана: автореф. дис. ... докт. ист. наук. Алма-Ата. 26 с.
- Маргулан А.Х. (1979). Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука. 360 с.
- Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В. (2008). Бегазы қорымы. Орталық Қазақстан Бегазы-Дәндібай дәуірінде. Алматы: «Инжу-Маржан» полиграфия. 126 б.
- Бейсенов А.З., Ломан В.Г. (2009). Древние поселения Центрального Казахстана. Алматы: Инжу-Маржан. 264 с.
- Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В., Касеналин А.Е. (2014). Памятники бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана. – Алматы: Институт археологии им. А. Х. Маргулана. 192 с.
- Кукушкин И.А., Дмитриев Е.А., Кукушкин А.И. (2017). Могильник Каражаргас. Погребальное сооружение Бегазы-Дандыбаевской «знати». V (XXI) Всероссийский археологический съезд. Барнаул. С. 582-583.
- Горячев А.А. (2013). Вопросы типологии и хронологии поселений эпохи бронзы на северных склонах Заилийского Алатау. Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола». С. 348-370.
- Марьяшев А.Н., Гумирова О.Н. (2011). Раскопки поселения Асы-1 в 2008-2009 гг. Вопросы археологии Казахстана. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола». Вып. 3. С. 265–278.
- Байтанаев Б.А. (2011). Древности Бургулюка. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 224 с.
- Ситников С.М. (2015). Культура саргаринско-алексеевского населения лесостепного и степного Алтая. Барнаул: АлтГПУ. 254 с.
- Касеналин А.Е. (2017). Сарыарканың өтпелі кезең ескерткіштерінің кезеңделуі мен мерзімделуі. Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Алматы: Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы-Тасмола». Т. 2. С. 203-208.
- Алексеев А.Ю., Качалова Н.К., Тохтасьев С.Р. (1993). Киммерийцы: этнокультурная принадлежность. СПб. 122 с.
- Бейсенов А.З., Ломан В.Г., Касеналин А.Е. (2013). Новое в археологии Сарыарки: донгальские погребения могильника Кызыл. Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола». С. 59–73.
- Варфоломеев В.В. (1991). Сарыарка в конце бронзовой эпохи: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алма-Ата. 21 с.
- Евдокимов В.В. (1988). О выделении донгальской культуры переходного периода от эпохи бронзы к раннему железному веку в Центральном Казахстане. Проблемы археологии Степной Евразии: матер. научн. конф. Кемерово. С. 101-103.
- Ломан В.Г. (1987). Донгальский тип керамики. Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстан. Караганда: Изд. КарГУ. С. 115-129.
- Weisenov A. (2020). Tasmola: a ray of gold, glittering in the steppe. История и археология Турана. №5. Самарканд. Рр. 138-162.
- Weisenov A.Z., Svyatko S.V., Kassenalin A.E., Zhambulatov K.A., Duisenbai D., Reimer P.J. (2016). First Radiocarbon Chronology for the Early Iron Age Sites of Central Kazakhstan (Tasmola Culture and Korgantass Period). Radiocarbon. Volume 58. Issue 01. P. 179-191.

References

- Margulan A.H., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. (1966). Drevnjaja kul'tura Central'nogo Kazahstana [Ancient culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka. 436 s
- Evdokimov V.V. (2001). Epoha bronzy stepei Central'nogo i Severnogo Kazahstana [The Bronze Age of the steppes of Central and Northern Kazakhstan]. Avtoref. dis. ... dokt. ist. nauk. Alma-Ata. 26 s.
- Margulan A.H. (1979). Begazy-Dandybaevskaya kul'tura Central'nogo Kazahstana [Begazy-Dandybaevskaya culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka. 360 s.
- Weisenov A.Z., Varfolomeev V.V. (2008). Begazy qorymy. Ortalyq Qazaqstan Begazy-Dandibai dauirinde [Begazy cemetery. Central Kazakhstan in the Begazy-Dandibai epoch]. Almaty: «Inzhu-Marzhan» poligrafija. 126 b.
- Weisenov A.Z., Loman V.G. (2009). Drevnie poseleniya Central'nogo Kazahstana [Ancient settlements of Central Kazakhstan]. – Almaty: «Inzhu-Marzhan» poligrafija. 264 s.
- Weisenov A.Z., Varfolomeev V.V., Kasenalin A.E. (2014). Pamyatniki begazy-dandybaevskoi kul'tury Central'nogo Kazahstana [Monuments of the Begazy-Dandybaev culture of Central Kazakhstan]. Almaty: Institut arheologii im. A. H. Margulana. 192 s.

Kukushkin I.A., Dmitriev E.A., Kukushkin A.I. (2017). Mogil'nik Karazhartas. pogrebal'noe sooruzhenie beg azy-dandybaevskoj «znati» [Burial ground Karazhartas. Burial structure of the Begazy-Dandybaevskaya «nobility»]. V (XXI) Vserossijskij arheologicheskij siezd. Barnaul. S. 582-583.

Gorjachev A.A. (2013). Voprosy tipologii i hronologii poselenij epohi bronzy na severnyh sklonah Zailijskogo Alatau [Issues of typology and chronology of settlements of the Bronze Age on the northern slopes of the Zailiyskiy Alatau]. Begazy-dandybaevskaya kul'tura Stepnoj Evrazii. Almaty: NICIA «Begazy-Tasmola». S. 348-370.

Mar'jashev A.N., Gumirova O.N. (2011). Raskopki poselenija Asy-1 v 2008-2009 gg. [Excavations of the settlement of Asy-1 in 2008-2009]. Voprosy arheologii Kazahstana. Almaty: NICIA «Begazy-Tasmola». Vyp. 3. S. 265-278.

Baitanaev B.A. (2011). Drevnosti Burguljuka [Antiquities of Burguluk]. Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana. 224 s.

Sitnikov S.M. (2015). Kul'tura sargarinsko-alekseevskogo naselenija lesostepnogo i stepnogo Altaja [Culture of the Sargarin-Alekseevsk population of the forest-steppe and steppe Altai]. Barnaul: AltGPU. 254 s.

Kassalin A.E. (2017). Saryarkanyn otpeli kezeh eskertkisherinin kezehdelui men merzimdelui [Periodization and dating of monuments of the transition period of Saryarka]. Arheologicheskoe nasledie Central'nogo Kazahstana: izuchenie i sohranenie. Almaty: Nauchno-issledovatel'skij centr istorii i arheologii «Begazy-Tasmola». T. 2. S. 203-208.

Alekseev A.Ju., Kachalova N.K., Tohtas'ev S.R. (1993) Kimmerijcy: jetnokul'turnaja prinadlezhnost' [Cimmerians: ethnocultural affiliation]. SPb. 122 s.

Beisenov A.Z., Loman V.G., Kassalin A.E. (2013). Novoe v arheologii Saryarki: dongal'skie pogrebenija mogil'nika Kyzyl [New in the archeology of Saryarka: Dongal burials of the Kyzyl burial ground]. Begazy-dandybaevskaja kul'tura Stepnoj Evrazii. Almaty: NICIA «Begazy-Tasmola». S. 59-73.

Varfolomeev V.V. (1991). Saryarka v konce bronzovoj jepohi [Saryarka at the end of the Bronze Age]. Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Alma-Ata. 21 c.

Evdokimov V.V. (1988). O vydelenii dongal'skoj kul'tury perehodnogo perioda ot jepohi bronzy k rannemu zheleznomu veku v Central'nom Kazahstane [On the allocation of the Dongal culture of the transition period from the Bronze Age to the Early Iron Age in Central Kazakhstan]. Problemy arheologii Stepnoj Evrazii: mater. nauchn. konf. Kemerovo. C. 101-103.

Loman V.G. (1987). Dongal'skij tip keramiki [Dongal type of pottery]. Voprosy periodizacii arheologicheskikh pamjatnikov Central'nogo i Severnogo Kazahstan. Karaganda: Izd. KarGU. S. 115-129.

Beisenov A. (2020). Tasmola: a ray of gold, glittering in the steppe. Istorija i arheologija Turana. №5. Samarkand. Pp. 138-162.

Beisenov A.Z., Svyatko S.V., Kassalin A.E., Zhambulatov K.A., Duisenbai D., Reimer P.J. (2016). First Radiocarbon Chronology for the Early Iron Age Sites of Central Kazakhstan (Tasmola Culture and Korgantas Period). Radiocarbon. Volume 58. Issue 01. R. 179-191.